

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) елдерінде Каир конференциясының іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі БҰҰ Халықаралық конференциясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 6 наурыздағы N 283

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. БҰҰ Халық саны Қорының Атқарушы Директоры Д-р Нафиз Садиктің және Қазақстандағы БҰҰ өкілдігінің ЭЫҰ елдерінде Каир конференциясының Іс-қимыл бағдарламасын (бұдан әрі - Конференция) жүзеге асыру жөніндегі халықаралық БҰҰ конференциясын 1996 жылғы 18-20 сәуірде Алматы қаласында өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. ЭЫҰ елдерінде Каир конференциясының Іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі БҰҰ халықаралық конференциясын дайындау мен өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитеті қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

3. Ұйымдастыру комитеті, тиісті министрліктер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар БҰҰ халықаралық конференциясын дер кезеңде дайындау мен өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Конференцияға қатысушылардың Алматы қаласы бойынша жүріп-тұруына, қабылдау және мәдени бағдарламаларын ұйымдастыруға, сондай-ақ конференция залын техникалық жабдықтауға байланысты шығыстарды, шығыстар сметасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 1996 жылғы орталықтандырылған шараларына арнап көзделген қаражат есебінен жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Алматы

қаласының әкімімен бірлесе отырып, Конференцияға қатысушылар үшін мәдени шараларды дайындауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Конференцияға қатысушыларға визалық қолдау көрсету мәселелерін шешсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Алматы қаласының әкімі Конференция шараларына көлікпен қызмет көрсетуді, оған қатысушылардың келуі мен кері қайтуын ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 6 наурыздағы
N 283 қаулысына
ҚОСЫМША

ЭЫҰ елдерінде Каир конференциясының Іс-қимыл бағдарламасын
жүзеге асыру жөніндегі БҰҰ Халықаралық конференциясын
дайындау мен өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің
ҚҰРАМЫ

1996 жылғы 18-20 сәуір

Есенғарин Н.Қ. - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің бірінші орынбасары,
төраға

Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары, төрағаның
орынбасары

Тәжин М.М. - Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігі Басшысының орынбасары,
төрағаның орынбасары (келісім
бойынша)

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Девятко В.Н. - Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау министрі

Каюпова Н.А. - Бала мен ананың денсаулығын қорғау
республикалық ғылыми-зерттеу
орталығының директоры, Қазақстан
Республикасы Президентінің жанындағы
Отбасы әйелдер және демографиялық
саясат проблемалары жөніндегі

кеңестің төрағасы

Кенжетаева Р.А. - Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Отбасы, әйелдер және
демографиялық саясат проблемалары
жөніндегі кеңестің хатшысы
(келісім бойынша)

Құлмаханов Ш. - Алматы қаласының әкімі

Лавриненко Ю.И. - Қазақстан Республикасының Көлік және
коммуникациялар министрі

Мамашев Т.А. - Қазақстан Республикасының Мәдениет
министрі

Павлов А.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы
министрі

Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасының Баспасөз
және бұқаралық ақпарат істері
жөніндегі ұлттық агенттігінің
төрағасы (келісім бойынша)

Сүлейменов Қ.Ш. - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
министрі

Тоқаев Қ.Қ. - Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер министрі